

МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ

МЕН ҮШІН
ҚАЙ МАМАНДЫҚ ЖАҚСЫ





МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІ

Мен үшін қай мамандық жақсы?

Безендірген
Мубаровой Айнур



Астана
2023

УДК 159.9
ББК 88.1
М 63

*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық
психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен ұсынылған*

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясымен ұсынылған

Автор: Айтмухамбетов Е.А.

Мамандықтар әлемі. Мен үшін қай мамандық жақсы? – Астана: «Bilim Foundation»
КҚ, 2023. – 43 б.

ISBN 978-601-7638-41-2

Мамандықтар әлемі. Мен үшін қай мамандық жақсы?» кітабында нақты мамандыққа бейімділікті анықтау тәсілдері қарастырылған. Тұлғаның мүмкіндіктері негізінде мамандықтар әлеміндегі бағыттар сипатталған. Қабілет пен икемділікті анықтау бойынша ұсыныстар берілген. Оқиғаларда жасөспірімдердің болашақ мамандық таңдаудағы қиындықтары мен уайымдары сипатталған.

Кітап жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына арналған. Мектеп психологы бұл материалды тәжірибелік жұмысында қосымша ретінде пайдалана алады.

УДК 159.9
ББК 88.1
М 63

ISBN 978-601-7638-41-2

© «Bilim Foundation» корпоративтік қоры

Кітаптағы ақпаратты қолдану кезінде кітапқа сілтеме көрсету міндетті.

Барлық құқық авторларға тиесілі, құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз кітаптағы ақпаратты және объектілерді көшіру, тарту немесе басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.

*Адам өзінің күшіне сенгенде ғана жетістікке жете алады.
Людвиг Андреас фон Фейербах*

* * *

*Айналысатын ісіңді ұнатсаң,
ең қиын деген істің өзі шығармашылыққа тәріздес болады.
Максим Горький*



Мазмұны

Қымбатты оқырман!.....	7
Махаббат жеткіліксіз болады.....	9
Психолог жазбалары.....	16
Арманға апарар жол.....	19
Психолог жазбалары.....	26
Менің кәсібім.....	28
Психолог жазбалары.....	36
Бұл саған қажет болар.....	38
Ата-ана мен қамқоршылар назарына	39
Авторлар мен безендіруші туралы	41



ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАН!

Сен қолыңда ішкі талпынысыңды ашатын және өз орыныңды, жақсы көретін ісіңді, мамандығыңды іздеуде қиындықтарды жеңуге көмек беретін керемет жолсерікті ұстап отырсың. Бұл кітапта нақты бір мамандықтың ағымына байланысты сенің жасыңдағы жасөспірімдердің қабілетін анықтау аспектілері көрсетіледі. Сен бұл жерде өз болашағың үшін маңызды жолдар мен кеңестер және ұсыныстарды таба аласың. Сонымен қатар бар мамандықтар аясының бөлінуі тұлғаның талабына және ойлау ерекшелігі, құндылықтары, қарым-қатынастар және т.б. байланысты.

Сен біздің басты кейіпкерлерінің ұзақ уақыт өздерін әрі өз орындарын іздеген өткелдерімен қиындықтарымен, үрейлерімен, уайымдауларымен танысасың. Өз-өзін жетілдіру тәсілдері, шабыт алатын қайнар көздері, мамандықты таңдау барысында отбасылық құндылықтарды да қалыс қалдырмайды. Мүмкін, қазір сен бетпе-бет келген сәттеріңде саған таныс жағдайлар болып көрінер бұл кітапты оқу саған дұрыс таңдау жасауға, өзіңді түсінуге сенің ішкі «Мен»-іңді ашуға көмек береді.



• МАХАББАТ ЖЕТКІЛІКСІЗ БОЛАДЫ •

Менің ойымша, кішкентай жануарларды немесе олардың балаларын жақсы көрмейтін адам болмайтын сияқты, олармен ойнаған қызық және мәселеңнің барлығын ұмытасың. Бірақ олар өскен кезде кішкентай кездеріндегі секілді сүйкімді емес көрінгендіктен, әртүрлі қамқоршылар үйлеріне беріп немесе көшеге лақтырып тастайды. Маған кішкентайлар ұнаса да, біздің қаланың көшелерінде аш, тоңып жүрген жануарларды көргенде аянышты күй кешетінмін, тіпті менің өзім күртешеде тоңамын, ол бейшаралар туралы не айтамыз, адамдардың өзімшіл болып, сондай қарым-қатынас жасағанына олардың кінәсі жоқ қой. Міне, менің аяушылығымның салдарынан біздің үйде айына бір рет, мүмкін, сәл ұзақтау уақыт аралығымен жаңа жануарлар пайда болатын. Әрине, олар, негізінен, мысықтар мен иттер болды, бірақ кейде қара тасбақалар немесе тіпті қолмен жасалған фенек сияқты өте ерекше тіршілік иелері де кездескен еді.



Біреулер мен туралы бауырларына, кіші інілеріне қарым-қатынасы жақсы, мейірімді, басқалардың жағдайларын ойлап қалған деп айтуы мүмкін, алайда мәселе мұнда емес. Мен бала кезімнен табиғатқа жақын болдым, өйткені мен қалада өспедім, үйімнің жанында сиырлар мен ешкілер, қаздар, үйректер мен тауықтар жайылып жүретін. Ойын-сауықтар аса көп емес еді, ауыл кішкентай және менің жасымдағы балаларды табу қиынға соғатын. Ғаламтор туралы ол кезде тіпті естімегенде едім, сондықтан күнімді үй жануарларымен өткізіп, оларға байланып, оларды менің отбасымның бір бөлігі деп есептейтінмін. Тіпті қойлармен жұлдыздар, күннің тұтылуы секілді өзімнің ұзақ әңгімелерім есімде еді, қазірдің өзінде оларды өзімнің жақсы тыңдаушыларым деп санаймын. Осыдан кейін біз отбасымызбен қалаға көшіп келдік және жоғалтқанымыз көп болды. Бірінші күндер орны толмайтындай көрінетін, бірақ бақытсыз жануарларды көшеде көргенде олардың тағдыры менікінен де ауыр секілді көрінетін. Мен өз өмірге келген мәнімді түсінгендей болдым, менің ішкі уайымдарым ақырындап үмітке айнала бастағандай. Үйге бір жануарды алып келіп, ауру, үйсіз жүрген жануарларға көмектесуге тырысып, шын жүректен барлығын дұрыс істегеніме сенетінмін.

Сенімсіздіктен бөлек, ата-анам менің табиғатқа деген жақындығымды және жануарлармен қарым-қатынасқа жақын екенімді байқайтын, үйде жануарлар әлемі болатын, оны байқамау мүмкін емес еді. Ата-анамның мені қашанда қолдап және үйге әртүрлі жануарларды алып келгеніме қарсы ештеңе айтпайтындарына, маған мал дәрігері деген мамандықтың бар екенін айтып, бойымдағы күннен-күнге күшейіп келе жатқан отты жаққандары үшін қатты қуанамын. Жалпы, мен тоғызыншы сыныпта оқимын, басқа балалар одан кейін бірден негізгі толық орта білімді алғаны туралы куәлікті алып, колледжге немесе жұмыс жасауға кетеді, бірақ менің жолым мүлдем басқа еді, өйткені мен тезірек оқуымды бітіргім келді, қазір тоғызыншы сыныпта оқимын, сосын жануарлар дәрігеріне ЖОО барғым келеді. Мені мектепті бітіргеннен соң болатын қосымша төрт жылдық оқу мүлдем қорқытпады. Мақсаттарым

жоғары еді, тек жетістікке жету жоспарын құру ғана қалды, бірақ онымен де қол қусырып отырмадым, жануарлар әлемі туралы әртүрлі әдебиеттерді оқып, тәжірибемде өзімнің қабілеттерімді қолданамын. Бірақ маған шебер дәрігер болуға әлі ерте және барлық жануарларды құтқарған жоқпын, өйткені мен мал дәрігерінің жұмыстарын тек енді біле бастадым, қайда екенін білмесем де, алға қарай жүру керек болды.

Қалада біз кішігірім екі бөлмелі үйде тұрғандықтан, менің жануарлар әлемім сыйыңқырамай, анық отбасымның басқа мүшелеріне кедергі жасай бастады. Анам менің таңдауымның жолындағы туындаған қиындықтарым туралы біліп, біздің кішігірім мекеніміздің мәселесін шешуге кірісіп кетті:

- Мәди, балам, сен білесің бе, біздің қалада жақында жануарларға арналған қамқорлық үйлері ашылыпты, ол біршама үлкен әрі кең, ол жерде сен өзің сияқты жануарларға көмек беруге асыққан балалармен танысасың, – деді анашым.

- Мәссаған, бірінші рет естіп тұрмын, оларға қуана-қуана қарап, жануарларымды сонда көшіруге тырысамын, өйткені сыймай жатқанымызды көріп тұрмын ғой, – деп жауап бердім.

- Ертең бірге бір жаққа барып келейік, ол біздің үйден жиырма минуттық жерде орналасқан, сондықтан жаяу бара аламыз. Біз әкең екеуіміз сенімен мақтанамыз және қуанамыз, сондықтан біз өз жағымыздан қолымыздан келгеннің бәрін жасап, саған көмектескіміз келеді. Міне, кеше отырып, қаламызда қамқорлық үйлері бар, соларды іздеп, осы ұйымға тап болдым, – деп анам мені қуантты.

- Үлкен рақмет, анашым, мен үшін жасап жатқандарыңыздың барлығын да бағалаймын, – осы сөздерден кейін мен анамды қатты құшақтап алдым. Содан соң бірге жануарларым үшін тамақ жасауға кеттік.

Келесі күні біз, келіскеніміздей, жергілікті қамқорлық үйіне бардық, әрине, мені ол жерге бірден ерікті ретінде



қабылдады және өз үй жануарларымды осында алып келуге де рұқсат берді. Ол күні біз әкем, анам үшеуіміз қатты қуандық, бірақ мен үшін тағы бір қуанарлық дүние бар еді. Ол жерге әр аптада жоқ дегенде бір рет міндетті түрде мал дәрігері келіп тұрады екен, яғни менің онымен сөйлесуге мүмкіндігім бар.

Қамқорлық үйіне келгелі бір апта көзді ашып-жұмғанша өтті де, кетті, бүгін біздің мал дәрігеріміз келуі керек. Ұзақ

күтпедік, ол әдеттегідей таңертең ерте келді, мен бірден өзімнің жануарларға дәрігер боламын деген тілегім туралы әңгімемді бастауды жөн көрдім. Мал дәрігері, әрине, менің тілегімді түсінетін, өйткені өзі де кезінде осындай болған, бірақ тәжірибе ала келе әр жұмыстың өзінің жағымды әрі жағымсыз жақтары бар екенін түсінген, сүйікті жұмысыңды бастамас бұрын оның барлық тәуекелдерін саралап алған жөн. Дауыстап айтылған жоқ, бірақ өмірдің барлық жағдайын өз көзіммен көру үшін, қамқорлық үйінде оның көмекшісі болуды ұсынды. Мен, әрине, бақыттан жадырап, көмектесуге дайын болдым, осы кездесуден кейін хабарды жеткізу үшін үйге қарай асықтым. Ата-анам мені мақтап, менің дұрыс бағытта екенімді жеткізіп, қолдады.

Әрине, менің өмірім жақсы өрби бастады, алайда өз мамандығыма деген қызығушылықтың арқасында оқуым, мектепті бітіріп, куәлік алуым керектігін де ақырындап ұмыта бастағаным мәселе болды. Техникалық пәндермен мәселелер туындап жатса, ешкім ештеңе демейтін, бірақ сонда да мен оларды үштікке немесе төрттікке жабуға тырысатынымын, ешқашан екі алып көрмедім, алған жағдайдың өзінде де өзгертуге тырысатынымын. Алайда менің биология және химия пәндерімнің жағдайы да осындай деңгейде болды. Ал олар – менің мамандығымның негізгі пәндері. Негізі мен мал дәрігері болу аса қиын емес, тек жануарларға деген үлкен махаббатың болса болды деп ойлайтынмын, бірақ мен әлі көп дүниені білмеген екем.

Мысалы, қомқорлық үйінде жүріп, дұрыс емді тағайындау мен диагнозын қою үшін мал дәрігеріне олардың асқазанындағы химиялық процесстерді әрі жануарлардың қалыптасқан сүйектер құрылымын білу өте маңызды екенін білдім. Оған қоса, кейбір жануарлардың қожайындары оларды ұйықтату үшін алып келетін, ол көріністерді мен шын мәнісінде қатты қорыққандықтан тіпті көре алмадым.

Мен ерікті болып жүргенімде өзім таңдаған мамандықтың қыр-сырына ене бастадым, бірақ ол да әлі аз болатын.

Сабақтарда мұғалімдер болашақ мамандықтарымыз туралы сұрай бастады, әрине, мен өзімнің мал дәрігері болғым келетін арманым туралы айтып бердім. Сыныптастарымның көбі дерлік менің үстімнен күле бастады, ал мұғалімім болса қандай да бір дәрігер болу үшін биология және химия пәндерін жақсы меңгеру керектігін қоса айтып кетті.

Сол кезде барлығын ойыма салып, өз шешімім туралы ойланып, үйде ата-анаммен өзімнің ішімдегі «Егер мен мүлдем жануарларды дұрыс емдемесем не болады?» деген күмән және қауіптермен бөлісе бастадым. Ата-анам болса: «Сен қазір сол үшін сабақ оқып жүр емессің бе, саған болашақ жұмысың үшін сапалы, өз мамандығың бойынша негізгі білім алу маңызды. Содан кейін университетте оқып жүріп тәжірибе алсаң да болады. Уайымдама, сенде бәрі жақсы болады, қолыңнан бәрі келеді». Осы әңгімеден кейін барлығын қайта ойланып, оқуда талабымды дұрыс қойып, бағаларымды түзей бастадым.



Психолог жазбалары

Әрбір адамның бала кезінен айналысқысы келетін дүниесі бар. Бұл тілек жақын адамдарды, олардың сөздері мен болжамдарын, жеке басын, іс-әрекетін, бізге деген көзқарасын қабылдау негізінде туындайды. Маңызды адамдар біз үшін идеалға айналады, біз әртүрлі себептермен оларға ұқсас болғымыз келеді. Сонымен қатар кейде бізді қолымыздан келетін немесе бізге қуаныш, жан рахатын сыйлайтын, бізді қанғаттандыратын, жақсы көңіл-күй мен бақыт алып келетін дүниелер қызықтырады. Кейбір адамдар жылдап тек өздерінің сүйікті жұмысы туралы ойларымен ғана жүреді, сүйікті жұмысының білікті маманы болу үшін кәсіби реализация жолына түсіп, өздерін жетілдіруге тырысады. Алайда әр мамандықтың өзінің жағымды және жағымсыз жақтары бар екенін ұмытпаған дұрыс, оны құрайтын және негіз болатын нюанстар мен білім көп жағдайда белгісіз. Сонымен қатар өте идеализацияланған мамандықтар да кездеседі. Өмірде олармен бетпе-бет келген, сол мамандық бойынша жұмыс істеп жүрген адамдар ғана оның барлық күрделілігі мен жауапкершілігін түсіне бастайды. «Махаббат жеткіліксіз болады» әңгімесінде басты кейіпкердің көмектесуге деген үлкен қалауы болды. Ол жануарларға деген сүйіспеншілікке толы болды, олармен ойнап, аман қалуға көмектесті, кейде өте қиын жағдайда ол олардың жылуына ғана емес, сонымен бірге өз-өзіне деген сенімділікке, әлеуетін жүзеге асыру мүмкіншілігіне ие болатын. Ол үшін мал дәрігері болу арманы еді, өйткені бұл мамандық оның барлық талпынысы мен тілектерін қанағаттандыратын, ол өзін сүйікті ісімен айналысып жатқандай сезінетін. Өз ойлары мен сезімдері де оған дайын болды. Ол өзін барлық жағынан: мектептегі сабақтар, ойындар, үйдің тірліктерін ысырып қойып, тек жануарларға қамқорлық көрсету үшін арнады. Оның жаңа істері рахат пен қуаныш алып келгендіктен, оны шындыққа айналдырып, өзін тауып және қалауын іске асырды. Барлығы ол болашақта айналысқысы келетін ісі, қазіргі кезде жұмыс жасап жүрген маман, мал дәрігерімен танысқан сәтте өзгерді.

Психолог жазбалары

Біздің кейіпкеріміз таңдаған мамандығының қиындықтарына дайын емес екенін түсініп, жануарлармен жұмыс жасағанда керекті білімдерді түсінбеді, оларды тек емдеп қана қоймай, ұйықтату қажеттілігі қиынға соқты. Маманмен жақынырақ танысу арқылы алған жаңа тәжірибесі оған талабын дұрыс қарап, қалауын қайта қарастырып, болашақ мамандығының таңдауына саналы түрде келуіне көмек берді.

Біздің кейіпкерде өзі болашағы үшін таңдаған мамандығымен алдын ала танысуында жолы болды, оның жағымды әрі жағымсыз жақтарын түсініп, әрі қарай айналысуды қалайды ма, жоқ па шешім қабылдауы үшін жақсы мүмкіндік болды. Бірақ барлығында мұндай мүмкіндік бола бермейді, нені таңдайтыныңды, нені қалайтыныңды шешу саған қазір қиын, кейде қорқынышты болатын шығар. Мамандық таңдаудағы ең жақсы құрал ол сол салада жұмыс жасайтын адаммен танысу. Ол адаммен желіде немесе жеке таныса аласың, ол адамның жұмыс ортасында бірнеше күн өткізген дұрыс, оның жұмысына барып, қарап қана қоймай, бір күнді немесе кем дегенде 3–4 сағатты бірге өткізген дұрыс. Мүмкін, шындыққа жанаспайтындары да болар, алайда мамандығың туралы әдеби кітаптар, сол салада жұмыс жасап, өзін жетілдірген азаматтар туралы оқып немесе ол саланың қызығы мен қиыны туралы айтылатын форумдарға қатысқаның жөн. Сонымен қатар сен университетке барып, өзің таңдаған мамандықта жұмыс жасау үшін не істеу керектігі туралы мұғалімдермен сөйлессең, олар саған онымен жұмыс жасау, университетті бітіргеннен кейін жетілдіруің туралы сенің білуің қажет дүниелерді шабыттанып айтып береді.

Өзіңе қызықты мамандықты зертте, таны, өйткені мамандығыңның барлық қыр-сырымен қызыға бастаған сәтте ғана ол саған сәйкес келетінін, шынымен де сен ойлаған сезімдерді тудыратынын, сенің күткенің мен талабыңа сай келетінін түсіне аласың. Мамандық таңдауда талаптарыңды өзгертуге қорықпа,

Психолог жазбалары

аласың. Мамандық таңдауда талаптарыңды өзгертуге қорықпа, бұл бір қарағандағыдай қорқынышты емес, болашақ мамандығыңды дұрыс таңдау арқылы, өзіңді бақытты келешекпен қамтисың.